

Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 269 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 желтоқсанда № 10003 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-282/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.12.2020 № ҚР ДСМ-282/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 17.05.2019 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының, 84) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 17.05.2019 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпараттық құралдарында және "Әділет" құқықтық-ақпарат жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Р. Мусиновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2014 жылғы 26 қарашадағы
№ 269 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 17.05.2019 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу тәртібін айқындайды және дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге, дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органға (бұдан әрі – мемлекеттік орган), дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымына (бұдан әрі – сараптама ұйымы) қолданылады.

2. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексі 63-1-бабының 2-тармағына (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес мемлекеттік монополияға жатады және Кодекстің 14-бабының 3-тармағының екінші абзацымен белгіленген тәртіпте аккредиттелген сынақ зертханалары бар сараптама ұйымы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің "Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды ұлттық сараптау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асырады.

3. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау:

- 1) тіркеуден кейінгі кезеңде өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын растау;
- 2) өнімнің сапасына қойылатын рекламациялар кезінде мемлеттік орган нарықтан алып тасталған өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын растау;
- 3) мемлекеттік органның қауіпке бағдарланған тәсілді ескере отырып, нарықтан алып тастаған өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын растау;
- 4) дәрілік заттарды фармакологиялық қадағалау және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасын мониторингілеудің нәтижелері бойынша өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын растау;
- 5) Қазақстан Республикасының нарығында жалған өнімдердің айналысын болғызбау мақсатында жүзеге асырылады.

4. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізу бойынша қызметтерге ақы төлеуді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген бағаларға сәйкес өтініш беруші монополияға қарсы органмен келісім бойынша Кодекстің 63-1-бабының 2-тармағына сәйкес сараптама ұйымының шотына жүргізеді.

2-тарау. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізу тәртібі

5. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау олар айналысқа шыққанға дейін, сондай-ақ осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға жүзеге асырылады.

6. Қауіпсіздік пен сапаны бағалауға Қазақстан Республикасына әкелінетін және Қазақстан Республикасы аумағында өндірілетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жатады.

7. Қауіпсіздік пен сапаны бағалау мына тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) Кодекстің 7-бабы 1-тармағының 115) тармағына сәйкес бекітілген Тиісті өндірістік практика стандартының (GMP) (бұдан әрі – GMP) талаптарына сәйкес келетін жағдайларда өндірілген дәрілік заттардың және ISO 13485 немесе GMP халықаралық талаптарына сәйкес келетін жағдайларда өндірілген медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сериялық бағалау;

2) әрбір өнім сериясының (партияның) қауіпсіздігі мен сапасын бағалау;

3) Қазақстан Республикасының GMP немесе Еуразиялық экономикалық одақтың GMP (бұдан әрі – ҚР GMP немесе ЕАЭО GMP) стандартының немесе шетелдік өндірушілер үшін GMP ICH Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының елдері (бұдан әрі – ЭЫДҰ ISO 13485, EN ISO 13485) ішінен аккредиттелген ұйым берген сертификаттар ISO 13485 және/немесе EN ISO 13485 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес әкелінетін медициналық бұйымдар құрылтайшылар мен ICH тұрақты мүшелерінің (Еуропалық одақ,

Америка Құрама штаттары, Жапония, Швейцария, Канада елдері) құрамына кіретін мемлекет реттеуші орган болып табылатын медициналық қолдануға арналған (ICH) дәрілік заттарды тіркеуге техникалық талаптарды үйлестіру бойынша халықаралық конференция өңірлері елдерінің немесе медициналық бұйымдардың отандық өндірушілері үшін GMP ICH және ISO 13485 халықаралық стандартының аппараттары, аспаптары, жабдықтары болып табылатын медициналық бұйымдар талаптарына сәйкес келетін жағдайда өндірілген дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын декларациялау.

8. Өтініш беруші өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу тәсілін дербес таңдайды.

9. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау:

1) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес өтініш беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымының арасындағы өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау бойынша жұмыс жүргізуге шарт жасасуды;

2) осы Қағидалардың 11, 12 және 13-тармақтарында көзделген құжаттар мен материалдардың қосымшасымен өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізуге өтінім беруді (бұдан әрі – өтінім);

3) өтінім беру кезінде ұсынылатын құжаттардың толықтығын тексеруді;

4) Қазақстан Республикасының дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінде және өнім, өндіруші, өндіруші-қаптамышы, тіркеу куәлігін ұстаушы, тіркеу куәлігінің қолдану мерзімі туралы тіркеу дерекнамасындағы мәліметтермен өтінім беру кезінде ұсынылатын құжаттардағы деректердің дұрыстығын тексеруді және салыстыруды;

5) декларациялау жолымен қауіпсіздігі мен сапасын бағалауға өтетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қоспағанда, сапа жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкестікке өнімнің үлгілерін сынауды қамтиды.

Өтініш беруші өтінім мен құжаттарды беруді мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінде электрондық түрде жүзеге асырады.

1-параграф. Қауіпсіздік пен сапаны бағалауды жүргізуге өтінім беру тәртібі

10. Өтініш беруші мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйелері арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізуге өтінім ұсынады.

Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына сериялық бағалау жүргізуге өтінім берген кезде тіркеу куәлігінің әрекет ету мерзімі өтінім берілген күннен бастап кемінде алты айды құрайды.

11. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын сериялық бағалау жүргізу кезінде өтінімге электрондық жеткізгіште:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) сәйкес тиісті қосымшасы бар фармацевтикалық қызметке лицензия немесе қызметі бастау туралы хабарламалардың көшірмесі (бір рет ұсынылады және мемлекеттік сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі);

2) өнімді жеткізуге немесе жеке келісімшарттар бойынша тұрақты жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшарттардың болуы туралы анықтама (ерікті нысан);

3) өндіруші-кәсіпорын туралы ақпарат: өндіріс пен сапаны бақылаудың барлық кезеңдерін жүзеге асыратын өндірістік алаңдарды есепке ала отырып, өндірістік алаңның дерекнамасы, медициналық мақсаттағы бұйымдар үшін өндірістік алаңның дерекнамасы немесе сапа жөніндегі нұсқаулық;

4) әкелінетін дәрілік заттар үшін – өнімге Қазақстан Республикасының GMP талаптарына өндірістік алаңның сәйкестігін растайтын құжат үшін "Апостильді мойындайтын мемлекеттердің тізбесі" 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясының (бұдан әрі – Гаага конвенциясы) талаптарына сәйкес расталған немесе апостильденген GMP сертификаты, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген дәрілік заттар үшін – өндірістік алаңның Қазақстан Республикасының GMP талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (бір рет ұсынылады және сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі және келесі өтініш білдіргенде құжаттың көшірмесі ұсынылады);

5) Гаага конвенциясының талаптарына сәйкес апостильденген немесе нотариат куәландырған ISO 13485, EN ISO 13485 немесе GMP сертификаттарының көшірмесі медициналық бұйымдар үшін ұсынылады (бір рет ұсынылады және сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі және келесі өтініш білдіргенде құжаттың көшірмесі ұсынылады).

12. Өтінімге өнімнің әрбір сериясының (партиясының) қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу кезінде электрондық жеткізгіште мыналар ұсынылады:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес тиісті қосымшасы бар фармацевтикалық қызметке лицензия немесе қызметі туралы хабарламаның көшірмесі (бір рет ұсынылады және мемлекеттік сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі);

2) өндірушіден өнім сапасының сертификатының көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасына әкелінетін дәрілік препараттар: вакциналар, сарысулар, бактериофагтар, анатоксиндер, аллергендер мен қан препараттары

үшін нарыққа серияны шығару мақсатында сапаны бақылау жүргізуге осы елдің реттеуші органы уәкілетті өндіруші елдің зертханасы немесе ресми зертхана берген серия сапасы сертификатының көшірмесін ұсынады;

4) әкелінетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі;

5) жүкқұжат, шот-фактуралар немесе инвойстың көшірмесі;

6) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінетін және өндірілетін өнімдерді қоспағанда, өтініш берушінің мөрі қойылып бекітілген өнімге кедендік декларацияның (электрондық) көшірмесі;

7) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды (әкелу кезінде) жеткізуге арналған келісімшарттың (шарт) көшірмесі;

8) өтінімде көрсетілген өткізуге дайын дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың бар-жоғы туралы анықтама (еркін нысанда) (Қазақстан Республикасының аумағында ғана өндірілген дәрілік заттар, медициналық бұйымдар үшін).

13. Декларациялау жолымен өнім қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізу кезінде өтінімге электрондық жеткізгіште мыналар ұсынылады:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңына сәйкес тиісті қосымшасы бар фармацевтикалық қызметке лицензия немесе қызметінің басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі (бір рет ұсынылады және мемлекеттік сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі);

2) әкелінетін дәрілік заттар үшін – Гаага конвенциясының талаптарына сәйкес нотариалды куәландырылған немесе апостильденген GMP ICH сертификатының көшірмесі; Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген дәрілік заттар үшін – ҚР GMP немесе ЕАЭО GMP өндірістік алаңына сәйкестігін растайтын құжаттың нотариалды куәландырған көшірмесі (бір рет ұсынылады және сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі, кейіннен жүгінген кезде құжаттың көшірмесін ұсынады);

3) әкелінетін медициналық бұйымдар үшін – Гаага конвенциясының талаптарына сәйкес нотариат куәландырған немесе апостильденген ЭЫДҰ, ҚР ISO 13485, EN ISO 13485 немесе ICH GMP сертификатының көшірмесі, аппараттар, аспаптар, жабдықтар болып табылатын медициналық бұйымдар үшін ISO 13485 сертификаты ұсынады (бір рет ұсынылады және сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі, кейіннен жүгінген кезде құжаттардың көшірмесі ұсынылады), Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін медициналық бұйымдарының ішінде аппараттар, аспаптар, жабдықтар болып табылатын бұйымдар үшін – ISO 13485 сертификатының көшірмесі;

4) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өнімнің сәйкестігі туралы декларацияның көшірмесі;

5) өндірушінің өнімнің сапасы сертификатының көшірмесі;

6) өндірушінің уәкілетті тұлғасын тағайындау туралы құжаттың немесе дәрілік заттар үшін Қазақстан Республикасының дистрибьюторлық компаниясының уәкілетті өкіліне сенімхаттың және өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын декларациялауға қол қою құқығын беру туралы медициналық бұйымдар үшін өндірушіден сенімхаттың көшірмесі (бір рет ұсынылады және сараптама ұйымының дерекқорына енгізіледі);

7) Қазақстан Республикасына әкелінетін вакциналар, сарысулар, бактериофагтар, анатоксиндер, аллергиялар мен қан препараттары дәрілік препараттар үшін нарыққа серианы шығару мақсатында сапаны бақылау жүргізуге осы елдің реттеуші органдар уәкілетті өндіруші елдің зертханасы немесе ресми зертхана берген серия сапасы сертификатының көшірмесін ұсынады;

8) әкелінетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар үшін өнімнің шығу тегі сертификатының көшірмесі;

9) жүкқұжат, шот-фактуралар немесе инвойстың көшірмесі;

10) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінетін және өндірілетін өнімдерді қоспағанда, өтініш берушінің мөрі қойылып бекітілген өнімге кедендік декларацияның (электрондық) көшірмесі;

11) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды (әкелу кезінде) жеткізуге арналған келісімшарттың (шарт) көшірмесі;

12) өтінімде көрсетілген өткізуге дайын дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың бар-жоғы туралы анықтама (Қазақстан Республикасының аумағында ғана өндірілген дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды өндірушілер үшін);

13) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 19 қарашадағы № 742 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен медицина техникасының айналысы саласында инспекциялауды жүргізу ережесінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5942 болып тіркелген) көзделген нысан бойынша дәрілік заттарды көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін тиісті дистрибьюторлық практика талаптарына сәйкестік сертификатының көшірмесі.

14. Осы Қағидалардың 11, 12 және 13-тармақтарында көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынбаған, дұрыс емес ақпарат анықталған, Қазақстан Республикасының дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімін тіркеу құжатының деректеріне ақпарат сәйкес келмеген жағдайда күнтізбелік 10 күн ішінде сараптама ұйымы өтініш берушіге тиісті ескертулерді жою туралы хабарлама (еркін нысанда) жібереді. Өтініш беруші дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізудің

жалпы мерзіміне кірмейтін хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тиісті ескертулерді жояды.

Күнтізбелік 10 жұмыс күні ішінде ескертулер жойылмаған жағдайда өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің (сериялық бағалау кезінде) сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешім және/немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің (серия/партия кезінде) сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешім және/немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің (декларациялау кезінде) сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешім беріледі.

15. Қаптамада және таңбалауда сәйкессіздік анықталған жағдайда өтініш беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің (сериялық бағалау кезінде) сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешім және/немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің (серия/партия кезінде) сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешімді алғаннан кейін Кодекстің 63-бабы 1 және 3-тармақтарына сәйкес тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу рәсімін жүргізуге өтінім береді.

Тіркеу дерекнамасына енгізілген өзгерістердің нәтижелері бойынша өтініш беруші осы Қағидалардың 11, 12-тармақтарында көзделген құжаттардың топтамасын қосымшасымен сапаның қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізуге өтінімді ұсынады.

Өтініш беруші Кодекстің 63-бабы 1 және 3-тармақтарына сәйкес қаптама және таңбалау бойынша тіркеу дерекнамасына тиісті өзгерістерді алты айдың ішінде енгізбеген жағдайда сараптама ұйымы мемлекеттік органға өнімді Кодекстің 79-бабында көзделген тәртіппен жою (кәдеге жарату) немесе өнімді кері қайтарудың қажеттілігі туралы тиісті ақпаратты жібереді.

15-1. Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізу және солармен байланысты шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезінде, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау өтінім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеделдетілген рәсім бойынша тек қана декларациялау арқылы жүзеге асырылады

Ескерту. Қағида 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.07.2020 № ҚР ДСМ-79/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15-2. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалаудың жеделдетілген рәсімі кезінде декларациялау арқылы мыналар ұсынылады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес тиісті қосымшасы бар фармацевтикалық қызметке лицензияның немесе қызметінің басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі;

3) дәрілік заттар үшін GMP сертификатының көшірмесі, отандық тауар өндірушілерден басқа;

4) медициналық бұйымдар үшін ISO 13485, ISO 9001 сертификатының көшірмесі немесе GMP, отандық тауар өндірушілерден басқа;

5) өндірушіден өнім сапасы сертификатының көшірмесі;

6) әкелінетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар үшін өнімнің шығу тегінің сертификатының көшірмесі;

7) жүкқұжат, шот-фактуралар немесе инвойстың көшірмесі;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 шілдедегі № 441 қаулысымен бекітілген шартты түрде шығаруға жол берілмейтін тауарлардың тізбесінде көзделген өнімдерді қоспағанда өнімге (электрондық) кедендік декларацияның көшірмесі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілген және (немесе) әкелінген өнімді әкелу кезінде ЕАЭО мүше мемлекеттердің шекарасын кесіп өткендігі туралы талонның көшірмесі ұсынылады;

вакциналар үшін қосымша уәкілетті реттеуші орган өндірушінің елінің зертханасының немесе нарыққа серияларды шығару мақсатында сапаны бақылау жүргізетін өзге де ресми сертификатталған зертхана берген сериялар сапасының сертификатының көшірмесі ұсынылады.

Ескерту. Қағида 15-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.07.2020 № ҚР ДСМ-79/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын сериялық бағалауды жүргізу тәртібі

16. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын сериялық бағалауды жүргізу кезінде:

1) өндіріс жағдайын және сапасын қамтамасыз ету жүйесіне бағалау нәтижелерін немесе соңғы үш жылда жүргізілген өндіріс жағдайын бағалау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіркеу кезінде жүргізілген өндіріс шарттарын бағалауды тану;

2) аппарат, аспап және жабдық болып табылатын медициналық бұйымдарды қоспағанда, өнім үлгілеріне сынау жүргізіледі.

Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын сериялық бағалау өтінім берілген күннен бастап кемінде он күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі, өнімнің қауіпсіздігі мен

сапасын сериялық бағалау жүргізу мерзіміне өндіріс шартын бағалау және сапаны қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру мен жүргізу уақыты кірмейді.

17. Өндірістің шарттары мен өнімнің сапасын қамтамасыз ету жүйесін бағалауды сараптама ұйымы тағайындаған комиссия жүргізеді.

18. Қауіпсіздік пен сапаны сериялық бағалау:

1) өнім қауіпсіздігі мен сапасын бағалау бойынша жұмыс жүргізуге шарт жасасу;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім қауіпсіздігі пен сапасын бағалауды жүргізуге өтінім ұсынуды;

3) осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуды;

4) өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына, олардың толықтығына және ақпараттың дәйектілігіне бағалау жүргізуге өтініш беру кезінде ұсынылатын құжаттардың сараптамасын;

5) өнім өндірісінің және оның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің шарттарын бағалауды;

6) өнім өндірісінің және оның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің шарттарын бағалау жөнінде есеп құруды;

7) өнім үлгілерін іріктеуді;

8) өнім үлгілерін сынауды;

9) сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінде өнімнің (сериялық бағалау кезінде) өнімнің сәйкестік сертификатын ресімдеу және тіркеуді;

10) өтініш берушіге өнімнің сәйкестігі сертификатын беруді (сериялық бағалау кезінде);

11) өнімнің үлгілерін екі жылда бір рет нарықтан, соның ішінде өндіруші өкілінің қатысуымен сараптама ұйымдары мамандарының медициналық ұйымдардан іріктеу жолымен үлгілерге сынаулар өткізуді қамтиды. Үлгілерді іріктеу кестесі өндірушілермен немесе уәкілетті тұлғамен келісіледі.

Сынаулар Кодекстің 63-1 бабының 2-тармағының екінші абзацына сәйкес бекітілген Мемлекеттік монополия субъектісі көрсететін қызметтерге белгіленген бағаларға сәйкес өндірушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

19. Сол бір өндірістік алаңда өндірілген өнімнің тізбесі толықтырылған жағдайда қолданыстағы өнімнің сәйкестік сертификаты болған кезде (сериялық бағалау кезінде) өнімнің үлгілеріне сынау жүргізумен қауіпсіздігі мен сапасын сериялық бағалау кезінде өндіріс пен сапаны қамтамасыз ету шарттарын бағалау нәтижелерін тану жүзеге асырылады. Сынаулардың оң нәтижелері жағдайында қолданылу мерзімі өнім сәйкестігінің (сериялық бағалау кезінде) қолданыстағы сертификатының қолданысының мерзімімен тең келетін өнім сәйкестігі (сериялық бағалау кезінде) сертификаты беріледі. Сол өндірістік алаңда өндірілген бастапқы қаптаманың өзгертусіз қосымша топтық қаптамада өнімді

өндiрген жағдайда қолданыстағы өнiмнiң сәйкестiк сертификаты болған кезде (сериялық бағалау кезiнде) өнiмнiң үлгiлерiне сынау жүргiзумен қауiпсiздiгi мен сапасын сериялық бағалау кезiнде өндiрiс пен сапаны қамтамасыз ету шарттарын бағалау нәтижелерiн тану жүзеге асырылады.

20. Өндiрiс шарттарын және дәрiлiк заттардың сапасын қамтамасыз ету жүйесiн бағалау GMP талаптарына сәйкестiгiне, медициналық мақсаттағы бұйымдардың ISO 13485, GMP халықаралық стандартының талаптарына сәйкестiгiне жүргiзiледi.

21. Өнiм үлгiлерiне сынаулар сараптама ұйымының аккредиттелген сынақ зертханаларында жүргiзiледi. Егер нормативтiк құжаттарда өндiрушi қаражатының анағұрлым көп шығынымен, үлгiлердiң қымбат болуы, тасымалдаудың ерекше жағдайларын талап ететiн үлгiлерiмен, арнайы жабдық пен қосалқы қаражатты талап ететiн сынау белгiленген жағдайларда, өндiрушiнiң зертханасында немесе келiсiмшарттық зертханаларда жүргiзiледi.

Өндiрушiнiң зертханасында немесе келiсiмшарттық зертханаларда өнiмнiң сынауларын жүргiзу кезiнде шарт жасасу кезiнде тиiстi хат-негiздеме берiледi.

22. Өндiрушiнiң зертханасында немесе келiсiмшарттық зертханаларда өнiмнiң үлгiлерiне сынау жүргiзумен қауiпсiздiгi мен сапасының сериялық бағалауын өткен өнiм түскен кезде сараптама ұйымы сынауларын Кодекстiң 75-бабы 5-тармағында көзделген Дәрiлiк заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы таңбалау қағидаларында көзделген тәрiпте мемлекеттiк тiркеу және қайта тiркеу және оның тiркеу дерекнамасына өзгерiстер енгiзу кезiнде қаптаманың бектiлген макетiне қаптама және таңбалау сәйкестiгiне кейiннен оларды қайтарумен өтiнiш берушi ұсынған үлгiлердi бағалайды.

23. Өндiрiс шарттарына және сапаны қамтамасыз ету жүйесiне бағалау жүргiзудiң аяқталуына қарай өндiрiске бару аяқталған күннен бастап күнтiзбелiк жиырма күн iшiнде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екi данада дәрiлiк заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауiпсiздiгi мен сапасын бағалау кезiнде өндiрiс шарттарын және сапаны қамтамасыз ету жүйесiн бағалау есебi құрылады, бiр данасы – сараптама ұйымында қалады, екiншi данасы өндiрушiге жiберiледi.

24. Өндiрiс шарттарын және өнiмге жүргiзiлген сынау сапасын қамтамасыз ету жүйесiн бағалау нәтижелерi бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш жылға және өнiмнiң сәйкестiк сертификаты (сериялық бағалау кезiнде) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес өнiмнiң сәйкестiк сертификатына қосымша (сериялық бағалау кезiнде) не осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнiмнiң сәйкестiк сертификатын беруден бас тарту туралы шешiм берiледi.

25. Өндіріс шарттарын және өнімге жүргізілген сынау сапасын қамтамасыз ету жүйесін бағалаудың теріс нәтижелері кезінде сараптама ұйымы өнімге сынау жүргізбейді және сараптама ұйымының жетекшілік ететін орынбасары қол қойған өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын сериялық бағалауды одан әрі жүргізуден бас тарту туралы шешімді өтініш берушіге жібереді.

3-параграф. Әрбір серияның (партияның) қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды жүргізу тәртібі

26. Өнімнің әрбір сериясының (партиясының) қауіпсіздігі мен сапасын бағалау өнім үлгілеріне сынау жүргізу жолымен өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бақылау жөніндегі нормативтік құжаттың барлық көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады.

27. Өнімнің үш жылы ішінде нарықта жарнама болмаған кезде дәрілік заттың әрбір сериясының (партиясының) қауіпсіздігі мен сапасын бағалау осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу кезінде нормативтік құжат көрсеткіштерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

28. Өнімнің әрбір сериясының (партиясының) қауіпсіздігі мен сапасын бағалау:

- 1) шарт жасасуды;
- 2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынуды;
- 3) осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуды;
- 4) өтінім беру кезінде ұсынылатын құжаттардың толықтығына және ақпараттың дәйектілігіне тексеру жүргізуді;
- 5) өнім үлгілерін іріктеуді;
- 6) аппараттар, аспаптар және жабдықтар болып табылатын медициналық бұйымдарды қоспағанда, өнім үлгілерін сынауды;
- 7) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің (серия/партия кезінде) сәйкестік сертификатын немесе сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес өнімнің (серия/партия кезінде) сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешімді ресімдеуді және тіркеуді;
- 8) өтініш берушіге өнімнің сәйкестік сертификатын (серия/партия кезінде) беруді қамтиды.

29. Өнімнің әрбір сериясының (партиясының) қауіпсіздігі мен сапасын бағалау өтінім берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

4-параграф. Декларациялау жолымен қауіпсіздік пен сапаны бағалауды жүргізу тәртібі

30. Декларациялау жолымен өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізуге:

1) ҚР GMP немесе ЕАЭО GMP стандарттарының талаптарына өндірістік алаңның сәйкестігін растайтын құжаты бар дәрілік заттар;

2) ICH елдерінің GMP стандартының талаптарына сәйкес келетін жағдайларда өндірілген дәрілік заттар;

3) ЭЫДҰ, ҚР ISO 13485, EN ISO 13485 немесе ICH GMP халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін жағдайларда өндірілген медициналық бұйымдар;

4) ISO 13485 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетін жағдайларда өндірілген аппараттар, аспаптар, жабдықтар болып табылатын медициналық бұйымдар жатады.

31. Декларациялау жолымен қауіпсіздік пен сапаға бағалау жүргізу:

1) шарт жасасуды;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынуды;

3) осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуды;

4) қауіпсіздік пен сапаны бағалауды жүргізуге өтінім беру кезінде ұсынылатын құжаттардың толықтығын және ақпараттың дәйектілігін тексеруді;

5) сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің сәйкестік сертификатын (декларациялау кезінде) ресімдеу және тіркеуді;

6) өтініш берушінің өнімінің сәйкестік сертификатын беру (декларациялау кезінде);

7) өнімнің үлгілерін екі жылда бір рет нарықтан, соның ішінде өндіруші өкілінің қатысуымен сараптама ұйымдары мамандарының медициналық ұйымдардан іріктеу жолымен үлгілерге сынаулар жүргізуді қамтиды.

Үлгілерді іріктеу кестесі өндірушімен немесе өндірушінің уәкілетті өкілімен келісіледі.

Сынау Кодекстің 63-1-бабы 2-тармағының екінші абзацына сәйкес бекітілген мемлекеттік монополия субъектілері іске асыратын көрсетілетін қызметтерге белгіленген бағаларға сәйкес өндірушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

32. Өнімнің сәйкестік сертификаты (декларациялау кезінде) өтініш беруші ұсынған құжаттардың оң сараптамасы негізінде беріледі.

33. Декларациялау жолымен өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау өтініш қабылдаған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

5-параграф. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына бағалауды жүргізу үшін үлгілерді іріктеу

34. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау үшін қауіпсіздікті сериялық бағалау кезінде өнімнің үлгілерін іріктеу осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес өнімнің үлгілерін іріктеу алгоритміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын фармакопоялардың және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар үшін нақты өнімге арналған сапа бойынша нормативтік құжаттың талаптары ескеріле отырып, нақты өнімнің нормативтік құжатын ресімдегеннен кейін екі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Өнім үлгілерін іріктеу кезінде осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлгілерді іріктеу актісі жасалады.

35. Біртектес өнімнің типті өлшемді қатарының медициналық бұйымдарының немесе жинаққа не жиынтыққа кіретін медициналық бұйымдардың үлгілерін іріктеу кезінде медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылау жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкес әртүрлі көрсеткіштері бойынша сынау жүргізу үшін бөлінетін әртүрлі сериялардан үлгілер іріктеуге кіреді. Жүргізілген сынаудың нәтижелері барлық партияға қатысты болады.

36. Ерітінділер, спрейлер, гельдер, жақпа майлар, таблеткалар мен капсулалар түріндегі медициналық бұйымдарды іріктеу кезінде нормативтік құжаттың әртүрлі көрсеткіштері бойынша сынау өткізуге арналған мөлшерде үлгілер іріктеледі.

37. Өнімнің үлгілерін іріктеуді сараптама ұйымының мамандары көтерме сауда қоймасында немесе өндірушінің дайын өнімінің қоймасында онда өнімнің сапасы жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін сақтау шарттары сақталған жағдайда өтініш берушінің қатысуымен жүргізеді.

Өтініш берушінің әкімшілік аумағында сараптама ұйымының аумақтық бөлімшелері болмаған жағдайда үлгілерді іріктеуді Комитеттің аумақтық департаментінің өкілі өтініш берушінің қатысуымен жүзеге асырады.

Сараптама ұйымының аумақтық бөлімшесі болмаған жағдайда, үлгілерді сараптама ұйымына жөнелтуді тасымалдау кезінде сақтау шарттарын сақтай отырып, өтініш беруші жүзеге асырады.

Тиісті дистрибьюторлық практика сертификаты бар көтерме сауда қоймасында сақталатын өнімнің үлгілері Тиісті дистрибьюторлық практика стандартының(GDP) талаптарына сәйкес тиісті дистрибьюторлық практика сертификаты бар көтерме сауда қоймасында немесе GMP сертификаты бар өндіруші қоймасында сақталатын өнім үлгілерін сараптама ұйымымен келісілген мөлшерде көтерме сауданы жүзеге асыратын ұйымның жауапты адамы немесе өндіруші іріктейді.

Өнімнің үлгілерін іріктеу осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау-беру актісімен ресімделеді.

38. Үлгілер бір реттік зертханалық сынауларды жүргізу үшін қажетті мөлшерде ұсынылады.

39. Іріктелген үлгілерді негізгі өнімнен оқшаулайды, қаптайды, сұрыптау орнында мөр қойылады.

40. Өнімнің үлгілерін сынауға іріктеумен бір уақытта іріктелген үлгілердің санына тең мөлшерде бақылау үлгілерін іріктеу жүргізіледі. Бақылау үлгілері өтініш берушіде сақталады. Өтініш беруші өнімнің жарамдылық мерзімі немесе дайын өнімнің жарамдылық мерзімі немесе өнім сәйкестігінің өнімнің сәйкестік сертификатының қолданыс мерзімі (сериялары/партиялары кезінде) өткенге дейін бақылау үлгілерінің сапасына кепілдік береді.

41. Өнімді сәйкестендіру:

1) өнімнің сериясын (партиясын) сипаттайтын құжаттарды талдау (Қазақстан Республикасында тіркеу, тауар тасымалының жүкқұжаты, шот- фактура немесе инвойс, сапа сертификаты, тауар декларациясы, жеткізу шарты, келісімшарт, шығу тегінің сертификаты, штрих коды, іріктелген сериялардың нөмірі және т.б.) ;

2) ілеспе құжаттамада тиісті нөмірлері бар үлгілердегі сериялардың бірдей болуы;

3) іріктелген үлгілердің өндіруші өніміне тиістілігі;

4) тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау негізінде жүзеге асырылады.

6-параграф. Қауіпсіздік пен сапаға бағалау жүргізу кезінде өнім үлгілеріне сынау жүргізу тәртібі

42. Өнімге сынау жүргізу үшін көрсеткіштер тізбесі өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бақылау жөніндегі нормативтік құжаттар негізінде айқындалады.

Әрбір серияның (партияның) қауіпсіздігі мен сапасын бағалау тәсілімен қауіпсіздік пен сапаға бағалау жүргізу кезінде, нарықта болған үш жыл ішінде жарнамалау болмаған кезде дәрілік заттың әрбір сериясының (партиясының) қауіпсіздігі мен сапасын бағалау Нормативтік құжат көрсеткіштерінің тізбесіне сәйкес, тіркелген дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу кезінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Сынауың мерзімдері дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау жөніндегі нормативтік құжаттардағы сынау әдістемелерінде көзделген.

Егер сынау мерзімдері нормативтік құжаттарда көзделмеген жағдайда, онда сынау қауіпсіздігі мен сапасын бағалау үшін үлгілерді іріктеген кезден бастап күнтізбелік жиырма жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

43. Сынау нәтижелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынау туралы хаттамамен ресімделеді.

7-параграф. Өнім сәйкестігі сертификатын (сериялар/партиялар кезінде), өнімнің сәйкестік сертификатын (сериялық бағалау кезінде), өнім сәйкестігі сертификатын (декларациялау кезінде) тіркеу және беру тәртібі

44. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері оң болған кезде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім сәйкестігі сертификатын (сериялар/партиялар кезінде), осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің сәйкестік сертификатын (бұдан әрі – өнімнің сәйкестік сертификаттары) (сериялық бағалау кезінде) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің сәйкестік сертификатын (декларациялау кезінде) ресімдейді және сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінде екі жұмыс күні ішінде тіркейді.

45. Өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуы қолданатын нақты өнімді көрсету кезінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес өнімнің сәйкестік сертификатына (сериялық бағалау кезінде), өнімнің сәйкестік сертификатына осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес өнімнің сәйкестік сертификатына (серия/партия) қосымша, өнімнің сәйкестік сертификатына (декларациялау кезінде) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің сәйкестік сертификатына қосымша ресімделеді.

Өнімнің сәйкестік сертификатына сараптама ұйымы басшысының бұйрығымен айқындалған және уәкілеттік берілген сараптама ұйымының жұмыскерлері қол қояды.

46. Өнімнің сәйкестік сертификатының (сериялар/партиялар кезінде) өнім сәйкестігі сертификатының (декларациялау кезінде) әрекет ету мерзімі өнімнің жарамдылық мерзімі өткенге дейін белгіленеді.

Өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі (сериялық бағалау кезінде) үш жылдан аспайтын кезеңге белгіленеді.

47. Берілген Өнімнің сәйкестік сертификаты туралы мәліметтер мелмекеттік сараптама ұйымының сайтында қолжетімді.

48. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалаудың теріс нәтижелері кезінде сараптама ұйымы қауіпсіздік пен сапа туралы қорытындыны, сынау хаттамасын алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің сәйкестік сертификатын (сериялық бағалау кезінде) беруден бас тарту туралы шешімді осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің сәйкестік сертификатына (серия/ партия кезінде) өнімнің сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешімді ресімдейді.

